

Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы

Күші жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 25 мамырдағы N 227-III шешімі Атырау облыстық әділет департаментінде 2005 жылғы 23 маусымда N 2433 тіркелді. ҚР Атырау облысының әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамырдағы 3-2185/06 хатымен мемлекеттік тіркелуге жатпайды. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011.10.03 № 275 / 1711 / - М Ш х а т ы м е н .

ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамыр 3-2185/06 хатынан үзінді:

Атырау облыстық әділет департаменті ертеде тіркелген нормативтік құқықтық актілеріне қайта тексеріс жүргізілген қорытындысы бойынша және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 4-2-1/и623 хатына сәйкес, Сізге Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38-бабының талаптарына сәйкес келмейтін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің тізімін, "Заң" деректер базасына тиісті жазбаларды енгізу ү ш і н , ж о л д а й д ы .

Қосымша 2 бетте.

Д е п а р т а м е н т б а с т ы ғы н ы ң
орынбасары

Қ о с ы м ш а :

1) Атырау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 25 мамырдағы N 227-III " Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы" шешімі (Атырау облыстық әділет департаментінде 2005 жылғы 23 маусымда N 2433 тіркелді)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148 Заңының 6 бабына сәйкес, Атырау облыстық әкімиятының 2005 жылғы 23 мамырдағы N 174 қаулысын талқылап Атырау облыстық мәслихаты XIII сессиясында шешім етті:

1. Қоса берілген "Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы"

б е к і т і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау Атырау облыстық мәслихатының заңдылық сақтау, құқық тәртібі және депутаттық этика жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ж.Дүйсенғалиев) жүктелсін.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

XIII сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Атырау облыстық әкімиятының қаулысы
2005 жылғы 23 мамыр N 174

Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1335 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) облыстық мәслихатқа бекітуге ұсынылсын.

2. Аудандар мен Атырау қаласының әкімияттары, Атырау облысы ішкі істер басқармасы (келісім бойынша) және өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Бағдарламаны орындауды қамтамасыз етсін, жыл сайын 15 маусымнан және 15 желтоқсаннан кешіктірмей Атырау облысы әкімінің аппаратына оның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бақылау мен үйлестіру облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөліміне ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В . В . Супрунға жүктелсін .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі

О б л ы с м ә с л и х а т ы н ы ң
2005 жылғы 25 мамырдағы № 227-III
шешіміне қосымша

Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы
Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Құқықтық тәртіп пен заңдылық ахуалын талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі
- 5.1. Құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқық тәртібін нығайту
 - 5.1.1. Әлеуметтік-құқықтық алдын алу
 - 5.1.2. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес
 - 5.1.3. Алкогольдік ішімдікті пайдалануды қысқарту, маскүнемдіктің, нашақорлықтың және қылмысты қайталаудың алдын алу
 - 5.1.4. Жол қозғалысы саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу
- 5.2. Қылмысқа қарсы іс-әрекет жасау жөніндегі шаралар
 - 5.2.1. Қылмыстарды тергеудің және қылмыскерлерді іздестірудің тиімділігін арттыру
 - 5.2.2. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес
- 5.3. Қылмысқа қарсы күресті ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету
6. Қажетті ресурстар және бағдарламаны қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже
8. Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа

атауы қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 негіздеме желтоқсандағы N 1335 "Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу

мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" қаулысы

Әзірлеуші Атырау облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімі

Мақсаты Құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімді жүйесін

Міндеттері қалыптастыру, қылмысқа қарсы күресті күшейту Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету; қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды шешу кезінде заңдылықты сақтау; қоғамдық қауіпсіздіктің тиісті жағдайын қамтамасыз ету; алдын алу қызметін жетілдіру; қылмыстардың мақсатқа сай әлеуметтік-құқықтық алдын алуды жүзеге асыру; ішкі істер органдары мен халықтың арасындағы байланыс буыны ретінде учаскелік полиция инспекторларының жұмысын тиімді ұйымдастыру және олардың рөлін арттыру; азаматтардың қылмысқа қарсы күрестегі мүдделілігін арттыру; ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне, терроризмге, діни экстремизмге және заңсыз көші-қонға қарсы іс-әрекеттің сенімді жүйесін қамтамасыз ету; қылмысқа қарсы күресті тиісті ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету; құқық қорғау органдарының кадр жұмысын жетілдіру; қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

Іске асыру мерзімдері 2005-2007 жылдар

Қаржыландыру көздері Республикалық және жергілікті бюджеттер .

Көлемдері Қаржыландырудың болжалды көлемі: барлығы - 516 258 000 теңге, оның ішінде: республикалық бюджет қаражатынан - 500 221 000 теңге; жергілікті бюджет қаражатынан - 16 037 000 теңге; Көзделіп отырған сомалар тиісті жылға арналған республикалық және облыстық бюджеттерді құру кезінде нақтыланатын болады.

Күтілетін нәтижелер 2007 жылдың аяғына дейін: құқық бұзушылықтардың алдын алудың жаңа әлеуметтік-экономикалық негізіндегі жалпы жүйесі құрылатын болады; қылмысқа қарсы күрес күшейе түседі; ауыр және аса ауыр қылмыстардың, сондай-ақ, көшелерде және кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстардың азаюы байқалады; Атырау қаласында полицияның күш-құралдарымен жедел басқару орталығы салынады; халықтың құқық қорғау жүйесі мен жалпы мемлекетке деген сенімінің деңгейі артады.

2. Кіріспе

Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N№1355 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, облыстың құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарынан түскен ұсыныстарды

ескере отырып, облыс аумағында қылмысқа қарсы күрес жөніндегі жұмысты жандандыру және үйлестіру мақсатында әзірленді. Осы бағдарлама бұрын қолданыста болған құқық бұзушылықтың алдын алудың және қылмысқа қарсы күрестің облыстық бағдарламаларына қатысты сабақтастық қағидаты сақтала отырып әзірленді.

3. Құқықтық тәртіп пен заңдылық ахуалын талдау

Соңғы жылдары қылмыс айқын көрінетін пайдакүнемдік - күш қолдану бағыттылығымен сипатталады. Ауыр және аса ауыр қылмыстардың, әсіресе қасақана кісі өлтіру және денсаулыққа ауыр зиян келтіру қылмыстарының саны өскен.

Жасалатын қылмыстардың негізгі үлесі қылмыстың азаматтардың мүлкін ұрлау, ұрып соғу және тонау сияқты түрлеріне келеді. Атыс қаруының, оқ-дәрі мен есірткінің заңсыз айналымы өсіп отыр. Қылмыстық орта күннен-күнге ұйымдасқан сипат алып келеді, оның өңіраралық және халықаралық бағыттылығы күшейіп отыр. Қаржылық ортаны, кәсіпкерлікті қоса алғанда, экономиканың тұтас салаларына криминалдық бақылау орнатылуда, халықаралық қылмыстық қауымдастықтардың Атырау облысының аумағын есірткі бизнесі үшін пайдалану әрекеттері жанданып, заңсыз көш-қон ауқымы, әсіресе қызу нүктелерінен, ұлғаяуда.

Экстремистік бағыттағы заңсыз діни ағымдар қызметінің таралу қаупі пайда болды, олар адамдардың көзқарастары мен танымына, тұтастай облыс аумағындағы криминогендік ахуалға теріс әсерін тигізуде және қоғамға экстремизм мен терроризм идеяларын енгізуде.

Әлеуметтік экономикалық салада болып жатырған дағдарыстық құбылыстардың нәтижесінде балалар мен жасөспірімдердің едәуір бөлігінің өмір сүру жағдайлары қолайсыз, балалардың қадағалаусыз қалуының нәтижесінде соңғы жылдары кәмелетке толмағандар тарапынан жасалған қылмыс пен құқық бұзушылықтардың өсу үрдісі байқалды. Сонымен қатар, жастардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мәселелері шешілмейді, билік органдары мен

қоғамдық ұйымдардың балалардың қадағалаусыз қалушылығы мәселелерін шешудегі қызметі негізінен бытыраңқы, жүйесіз сипатта.

Маскүнемдік пен нашақорлық қоғам үшін ауыр проблема күйінде қалып келеді. Қылмыстарға талдау жасау көрсеткендей, олардың көпшілігі алкогольдік немесе есірткіден масаю күйінде жасалады. Бұл маскүнемдік пен нашақорлықтың алдын алу мәселелері жеткілікті деңгейде шешілмейтінін көрсетеді. Қоғамдық бірлестіктердің, медициналық мекемелердің салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмысы төмен деңгейде қойылған.

Рецидивті қылмыстың орын алуы жалғасып келеді, алайда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу мәселелері қанағаттанарлықсыз шешіледі.

Нашақорлық пен оған байланысты қылмыстардың ауқымы едәуір артып отыр

Біздің облысымызға Орта Азия республикаларынан есірткі заттарының контрабандалық жолмен әкелінуі және таратылуы ерекше алаңдатушылық т у ғ ы з а д ы .

Бұрын тәркіленген есірткінің негізгі бөлігін опий мен марихуана құраса, қазір героин сияқты есірткінің жоғары шоғырланған, неғұрлым қауіпті және қымбат тұратын түрі тәркіленіп жүргені осыны дәлелдейді. Облыста есірткі заттарын пайдалану мен олардың заңсыз айналымына байланысты ахуалдың өсу үрдісі бар ж әне о л ш и е л е н і с е т ү с у д е .

Ішкі істер органдарының соңғы үш жылдағы қызметін талдау қызметтің бұл бағытындағы жұмыстың бірқатар жандандырылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, есірткінің заңсыз айналымы проблемасы тек ішкі істер органдарының ғана емес, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарды қоса, облыстың барлық құқық қорғау органдарының назарында болуы тиіс. Бұл жерде бүкіл қоғамның бірлесуі, осы з ұ л ы м д ы қ т ы т ү п - т а м ы р ы м е н ж о ю қ а ж е т .

Қазіргі уақытта халықтың құқық бұзушылықтармен күрестегі белсенділігі төмендеп кетті. Бұрын болған құқық қорғау бағытындағы, соның ішінде кәмелетке толмағандармен және жастармен жұмыс, облыста қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қоғамдық құрылымдардың желісі жойылған.

Ішкі істер органдарының техникалық жарактандырылуының жеткіліксіздігіне , олардың әлеуметтік жағдайлары деңгейіне байланысты бірқатар факторлар қылмыстың алдын алу және онымен күресті тиімді жүргізуге кері әсерін тигізеді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесінің төмендеуі, оларды ұстауға бөлінетін қаражаттың жеткіліксіздігі, ішкі істер органдарының кадрлық әлеуетіне әсер етті, бұл арнаулы және заңдық білімі бар қызметкерлердің аздығы, негізгі функцияларды орындайтын қызметтердегі

қызметкерлердің кәсіби деңгейінің жеткіліксіздігі. Одан басқа, құқық қорғау органдарын тиісті ақпараттық қолдаудың, сондай-ақ халықтың белсенді қызметінің болмауы азаматтар арасында заң мен билік күшіне деген сенімсіздігінің пайда болуына әкелді.

Қылмысқа қарсы тиімді күресті жалғастыру мақсатында, заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етудің сенімді жүйесін құру үшін Атырау облысы аумағында билік пен басқарудың барлық органдарының күш-жігерін үйлестіре отырып, бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімді жүйесін құру, қылмысқа қарсы күресті күшейту.

Бағдарламаның міндеттері:

азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету;

қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды шешу кезінде заңдылықты сақтау;

қоғамдық қауіпсіздіктің тиісті ахуалын қамтамасыз ету;

алдын алу қызметін жетілдіру;

қылмыстардың қоғамдық-әлеуметтік алдын алуды мақсатқа сай жүзеге асыру;

ішкі істер органдары мен халықтың арасындағы байланыс буыны ретінде учаскелік полиция инспекторларының жұмысын тиімді ұйымдастыру және олардың рөлін атқару;

қылмысқа қарсы күресте және құқықтық тәртібін нығайтуда азаматтардың мүдделігін арттыру;

ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне, терроризмге, діни экстремизмге және заңсыз көш-қонға қарсы іс-әрекеттің сенімді жүйесін қамтамасыз ету;

қылмысқа қарсы күресті тиісті ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

құқық қорғау органдарының кадр жұмысын жетілдіру; қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі 5.1. құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқық тәртібін нығайту 5.1.1.

Әлеуметтік-құқықтық алдын алу

Нарық экономикасын дамыту, мемлекеттік және қоғамдық өмірді демократияландыру жағдайларында қылмыстың алдын алу әдеттегідей өзекті проблема болып отыр. Қазіргі жағдайда қылмыстық жазалаудың тиімділігі қандай бола тұрса да, оның бір шарасын қабылдау қылмысқа қарсы күресу үшін жеткіліксіз екені анық және құқық тәртібінің проблемаларын тек полиция деңгейінде ғана қарауға болмайды. Сондықтан да құқық бұзушылықтардың алдын алу құқық қорғау органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың, сондай-ақ құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдардың қызметінде басым бағыттардың бірі болуы керек.

Бұрын тиімді іс-әрекет еткен жалпы құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесін өткен жылдары өздерін ақтаған ерікті жасақтарды, кәсіпорындар мен оқу орындарында, тұрғылықты жері бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестерді, полицияға жәрдемдесу жасақтарын және т.б. белгілі шектерде қайта дамыту қажет.

Адамдардың лайықты ісінің болмауы және бос уақытты мақсатсыз өткізуі қазіргі уақыттағы жалпы қылмыс себептерінің бірі болып табылады. Ол барып белгілі бір айналысатын ісі жоқ және қылмыстық көңіл күйдегі адамдардың мәдениетке қарсы топтар мен бірлестіктер ұйымдастыруына әкеліп соғады. Жергілікті атқарушы органдардың халықты, әсіресе жастарды, еңбекпен қамтуы, оларды қоғамдық жұмыстарға жұмылдыруы, кәсіби даярлықты өткізуі мен оған үйретуі осы саладағы негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Жастарды компьютер сауаттылығының негіздеріне, салалық іске үйрету, алған білімдерін тәжірибеде (цехтар, зертханалар, жабдықталған оқу кабинеттері) игеру үшін жағдайлар жасау қажет.

Көптеген криминогендік проблемаларды шешу үшін Атырау облысында елеулі материалдық қолдауы бар, қылмыстың алдын алудың жаңа әлеуметтік-экономикалық негіздегі жалпы жүйесін құру қажеттігі туындады.

Учаскелік полиция инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі қызметтер, алкоголизмнен, нашақорлықтан және уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеуге арналған арнайы мекемелер, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталықтары және басқалары сияқты профилактикалық құрылымдар айтарлықтай материалдық-техникалық нығайтуды қажет етеді.

Техникалық қадағалау және байланыс жүйелері, соның ішінде полиция күш-құралдарын жедел басқару орталықтары жүйесі одан әрі дамытуды, патрульдеу кезінде едәуір икемді көлік құралдарын және қызметтік жануарларды белсенді пайдалануды талап етеді.

Көшелерде және қоғамдық орындарда жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алуда құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдардың әлеуметтік

мүмкіндіктерін жұмылдыру керек.

Жұртшылықтың құқық тәртібін сақтауға қатысуының жаңа нысандарын пайдалана отырып, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысып жүрген азаматтарды құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету, олардың белсенділігін арттыруға қосымша шаралар қолдану қажет.

5.1.2. Кәмелетке толмағандар мен жастардың арасындағы қадағалаусыз қалушылық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу

Еліміздегі криминогендік ахуалдың болашақтағы даму динамикасының перспективасы бүгінгі таңда жасөспірімдермен және жастармен қолданылып жатқан тәрбиелік-құқықтық шаралардың тиімділігіне тікелей байланысты болғандықтан кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалудың алдын алу мәселесі ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Жоғары және орта оқу орындарында құқық қорғау бағытындағы жастар құрылымдары желісін қалпына келтіру және дамыту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен оның жолын кесуде құқық қорғау органдарына жәрдем көрсетуге ықпал ететін неғұрлым перспективті бағыт болып табылады.

Әлеуметтік жетімдік, балалардың кезбелігі мен қадағалаусыз қалу проблемасының шиеленісе түсуі және кәмелетке толмағандарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселелерінің тиімді шешілмеуі жағдайында елімізде ауыр өмірлік жағдайға душар болған және әлеуметтік оңалтуды қажет ететін кәмелетке толмағандарға арналған мамандандырылған мекемелер желісін к е ñ е й т у ,

балалар панасын, жетімдерді тәрбиелеуге алған патронатты отбасыларын және оларға жағдай жасаудың өзге де нысандарын қолдау міндеті өзекті болып отыр.

Жасөспірімдер үйлері желісін кеңейту кәмелетке толмағандардың көрсетілген санатының бейімделуіне ықпал етеді және олардың тұрмыстық және жұмысқа орналасуына, сондай-ақ мамандық алуына мүмкіндік береді.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметі де кадрлармен одан әрі нығайтуды қажет етеді.

Оқу орындары аумақтарында оқушылар жасайтын қылмыстар санының көбеюі соңғы жылдардың сипаттық ерекшелігі болды. Жалпы білім беретін оқу орындарында мектептерге бекітілген кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларын енгізу тәжірибесін одан әрі тарату осы проблеманы шешу жолдарының бірі болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды, осы жас тобындағы

қылмысты ескертуді қамтамасыз ету, олардың заңды, әлеуметтік-пайдалы қызметке қатысуын қамтамасыз ету үшін құқық қорғау органдарының ғана емес, сонымен қатар жалпы барлық қоғамның күш-жігері қажет.

5.1.3. Алкогольдік ішімдікті пайдалануды қысқарту, маскүнемдіктің, нашақорлықтың және қылмысты қайталаудың алдын алу

Маскүнемдіктің, нашақорлықтың алдын алу бойынша мемлекеттік органдар қабылдаған шаралар жеткіліксіз, осы санаттағы адамдарды мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыру жөніндегі қолда бар Мамандандырылған емдеу-алдын мекемелері және басқа да мекемелер аз.

Қазіргі кезде салауатты өмір салтын насихаттаудағы қоғамның және мемлекеттік органдардың қатысу үлесі төмен, бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізілмейді.

Осыған орай маскүнемдіктің, алкоголизмнің және нашақорлықтың алдын алу жөніндегі жұмыстың жағдайы үшін әкімияттардың жауапкершілігін арттыру және олардың алдын алу жөнінде бірқатар ұйымдастырушылық-практикалық шаралар қабылдау қажет.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарға бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдарды жұмысқа орналастыру және оңалту, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу, тәрбие колонияларынан оралған кәмелетке толмағандарға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған өзге де жасөспірімдерге ерекше көңіл бөле отырып, әлеуметтік байланыстарын жоғалтқан азаматтарды жұмысқа және әлеуметтік орналастыру жөнінде шаралар қолдануды жалғастыру қажет.

Қылмысты әсер етудің әкімшілік-құқықтық шараларымен үйлескен жалпы және жеке алдын алу әдістерімен ескерту, құқық бұзушылықты және қылмысты жасауы мүмкін деген адамдарды анықтау, олардың асоциалдық мінез-құлығының коррекциясы ішкі істер органдарының алдын алу қызметіндегі бәрінен бұрын, учаскелік полиция инспекторларының қызметіндегі басым бағыттардың бірі болуы керек.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарды жаңа мамандықтарға кәсіби тұрғыдан үйретуді және дайындауды ұйымдастыру, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында аталған адамдардың өндірістік және өзге де жұмыспен айналысу мүмкіндігін қарау қажет.

5.1.4. Жол қозғалысы саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету өткір әлеуметтік проблемалардың бірі болып табылады. көлік құралдарының саны өсуде, жолдардағы қозғалыс қарқыны артуда.

Автомобиль жолдарын пайдалану сипаттарын жақсарту, жоғары динамикалық сипаттамалары бар қазіргі заманғы көлік құралдарының көбеюі жол қозғалысын қадағалауды, көлік құралдарының және автомобиль жолдарының техникалық жағдайын бақылауды жүзеге асыруға, көлік құралдары жүргізушілерінің дайындық сапасын жақсартуға саймасай, сапалы жаңа көзқарасты қолдануды талап етеді.

Жол полициясының қазіргі заманғы техникалық диагностика жасау құралдарымен қамтамасыз етілмеуі көлік құралдардың техникалық жағдайына бақылауды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отыр.

Соңғы 30 жыл бойы қолданылып келе жатқан, апаттылық жағдайына кері әсерін тигізетін жүргізуші куәлігін алуға арналған жүргізушілерге үміткерлерден емтихандар қабылдау жүйесі жетілдірілуді талап етеді.

Маңызды мәселелердің бірі жолаушылар тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, профилактиканың жалпы және жеке әдістері арқылы қылмыстың алдын алуды қамтамасыз ету болып табылады. Жолаушылар маршруттарының көпшілігіне жеке кәсіпкердің шағын автобустары қызмет көрсетеді, алайда олар еңбек және демалыс режимін сақтамайды, рейс алдындағы медициналық тексеру және автокөліктің техникалық жай-күйіне тексеру жүргізілмейді.

5.2. Қылмысқа қарсы іс-әрекет жасау жөніндегі шаралар 5.2.1. қылмыстарды тергеудің және қылмыскерлерді іздестірудің тиімділігін арттыру

Қылмыстың сапалық трансформациясы құқық қорғау органдары тергеу және жедел бөлімшелерінің қызметін жетілдіруді, олардың өзара іс-қимыл жасасуының сапасын жақсартуды, құқыққа қайшы көріністерге тиісінше қимыл көрсетуді, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруды талап етеді.

Қылмыстық істерді тергеу институттары, қылмыс дәрежесіне және болуы ықтимал жазалаудың ауырлығына байланысты сотқа дейінгі өндірістің іс-жүргізу нысанын әрі қарай дифференциялау одан әрі оңтайландыруды талап етеді.

Автокөлікті ұрлауды, айдап кетуді ескерту және ашу жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында, ҚІБ-ІБ ЖПБ-нің

Тіркеу-емтихан алу бөлімінде ұрланған автомашиналарды тіркеу кезінде және техникалық бақылаудан өткен кезде олардың қолдан жасалған құжаттарын және агрегаттары тораптарының қолдан соғылғанын дер кезінде анықтауға мүмкіндік беретін, тораптарының және агрегаттарының маркировкасы өзгертілген ұрланған

автокөлікті іздеуде және ұқсастыруда австралияның "DataDoT" технологиясын пайдалану жөніндегі Ресей І тораптарының және агрегаттарының маркировкасы өзгертілген ұрланған автотокөлікті ІМ-нің тәжірибесін зерделеу және оны енгізу қажет.

5.2.2. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес

Құқық қорғау органдарының, фискалдық және арнайы органдардың өзара іс-қимыл жасасуы деңгейін арттырмайынша, олардың қызметкерлерінің кәсіпқойлығын арттырмайынша ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес табысты болады.

Құқық қорғау және арнайы органдардың үйлестірілген, келісілген және кәсіби іс-әрекеттерінің нәтижесінде ғана ұйымдасқан қылмыстық топтардың экономикалық негізін, оларды қаржыландыру көздері мен қылмыстық жолмен келген ақша қаражатын жария ету каналдарын анықтау және жою жөніндегі кешенді шараларды іске асыру, сондай-ақ криминалдық құрылымдар тарапынан қылмыстық қол сұғушылықтан кәсіпкерлерді тиімді қорғау мүмкін болады.

5.3. Қылмысқа қарсы күресті ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Құқық қорғау органдарының ақпараттық кешенін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды, ақпараттық деректер қорын жетілдіруді және криминалдық ахуалды және адамның биометриялық ұқсастығын талдаудың және болжалдаудың құрал-жабдықтарын ендіруді одан әрі жетілдіру қажет. Бұл қылмыстық қудалау органдары барлық қызметкерлерінің бірлесіп жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және олардың әрқайсысының хабарландырылуының және жедел жағдайдағы өзгеріске жедел ден қоюының жақсаруы есебінен оның әлеуетін көбейтеді.

Атырау қаласында полицияның күш-құралдарымен жедел-басқару орталығының құрылысын салу, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерін Орталықтың жүйесіне одан әрі қосу криминалдық ахуалдың өзгерістеріне, жасалған ауыр қылмыстарға, жаппай тәртіпсіздікке, табиғи апаттарға және басқа да төтенше жағдайларға,

азаматтардың жеке қауіпсіздігіне, ішкі істер органдарында азаматтардың өтініштері мен хабарламаларының толық тіркелуіне жедел ден қоюдың тиімді тетігін құруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6. Қажетті ресурстар және бағдарламаны қаржыландыру көздері

Осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қаржыландыру талап ететін іс-шаралар республикалық және жергілікті бюджетте көзделген қаражаттар есебінен және олардың шегінде жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның іс-шараларын іске, асыруға бағытталған ықтимал шығыстар барлығы 516 258 000 (бес жүз он алты миллион екі жүз елу сегіз мың) теңгені, оның ішінде республикалық бюджет есебінен - 500 221 000 (бес жүз миллион екі жүз жиырма бір мың) теңгені, жергілікті бюджеттерден 16 037 000 (он алты миллион отыз жеті мың) теңгені құрайды.

Көзделіп отырған сомалар тиісті жылға арналған республикалық және облыстық бюджетті қалыптастырған кезде нақтыланады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде 2007 жылдың аяғына дейін: құқық бұзушылықтардың алдын алудың жаңа әлеуметтік-экономикалық негізіндегі жалпы жүйесі құрылатын болады;

қылмысқа қарсы күрес күшейе түседі, ауыр және аса ауыр қылмыстар, сондай-ақ көшелерде және кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстарды азайту межеленеді;

Атырау қаласында полицияның күш-құралдарымен жедел басқару орталығы салынатын болады;

халықтың құқық қорғау жүйесі мен жалпы мемлекетке деген сенімінің деңгейі артады.

8. Атырау облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

р/с	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжалды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
	Құқық бұзушылықтың әлеуметтік-құқықтық алдын алу	алдын алу,	құқықтық		тәртіпті	нығайту
	Құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің					

1	2005- 2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламаларын әзірлеп, оларды Атырау қалалық және аудандық мәслихаттарына б е к і т у г е енгізуді қамтамасыз ету	Аудандар мен Атырау қаласы әкімдіктерінің қаулылары	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері	2005 жылдың 2-тоқсаны	Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде және есебінен	ЖБ
2	Халықты еңбекпен қамтуды, жұмыссыздарды, әсіресе жастарды ақылы қоғамдық жұмыстарға тартуды, оларды кәсіби дайындауды және о қ ы т у д ы қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар қабылдау	Облыс әкімдігіне есеп беру	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері	Жыл сайын	Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде және есебінен	ЖБ
3	Жастарды компьютерлік сауаттылыққа кәсіби дағдыларға және кәсіп терге оқытуды жүргізу, тәжірибедегі (цехтарда, зертханаларда, жабдық талған кабинеттерде және т.б.) білімдерін меңгеру үшін жағдай жасау	Облыс әкімдігіне есеп беру	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, ІСД	Жыл сайын	Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде және есебінен	ЖБ
4	Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы азаматтарды көтермелеуге арналған ақша қаражатын бөлуді және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету	Облыс әкімдігіне есеп беру	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, ІПБ (келісім бойынша), ЭБЖД	Жыл сайын	2005 жыл- 0,814 2006 жыл- 0,859 2007 жыл- 0,9	ЖБ
5	Учаскелік полиция пункттері (бөлімшелері) қызметінің тиімділігін арттыру және учаскелік полиция инспекторларының қызметін о л а р д ы ң : а) қызметтік автокөлікке; б) қызметтік пәтерге; в) қызметтік жиһазға; г) компьютерлік техникаға қажеттілігін кезең-кезеңмен қамтамасыз ету арқылы нығайту жөніндегі жұмысты жалғастыру	Облыс әкімдігіне есеп беру	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, ІПБ (келісім бойынша), ЭБЖД	Жыл сайын	Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде және есебінен	ЖБ
6	Облыстық бюджетте учаскелік полиция пункттерінің ғимараттары мен үй-жайларын жөндеу үшін қаржы қаражатының мақсатты түрде бөлуді қарастыру және қамтамасыз ету	Облыс әкімдігіне ақпарат беру	ЭБЖД, ІПБ (келісім бойынша)	Жыл сайын	2005 жыл - 1,6 2006 жыл - 1,688 2007 жыл - 1,769	ЖБ
	Учаскелік полиция инспекторлары мен олардың			2005-2007	Жергілікті бюджетте	

7	көмекшілерінің штатына қолда бар тиесілік нормаларына дейін кезең-кезеңмен жеткізу жөніндегі жұмысты жалғастыру	Облыс әкімиятының қаулысы	ПБ (келісім бойынша), ЭБЖД	жылдар ішінде	көзделген қаражат шегінде және есебінен	ЖБ
8	Көп қабатты тұрғын үйлердің кіреберістеріне қоғамдық күзету институтын (консьерждер) енгізуге, олардың қалыпты жұмыс істеуі үшін қаржыландыру көздерін айқындау және қаражат іздеу	Облыс әкімиятына есеп беру	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, ПБ (келісім бойынша), ЖҚҰБД	2005-2007 жылдар ішінде	ақылы қоғамдық жұмыстар үшін жергілікті бюджет терде көзделген қаражат шегінде, ПИК қаражаты	
Кәмелетке толмағандар мен жастардың арасындағы қадағалаусыз қалушылық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу						
9	Арнайы мектеп-интернаттарынан шыққан, мінез-құлқының ауытқуы бар кәмелетке толмағандарды бейімдеу және оңалту үшін ювенальды әділет қызметкерлерін тарта отырып, білім берудің оңалту ұйымдарын құру жөніндегі шараларды қабылдау	Облыс әкімиятына ұсыныстар беру	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, ПБ (келісім бойынша), БД	2005-2007 жылдар ішінде	Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және есебінен	
10	Құқық бұзушылыққа бейім балалармен жұмыс жүргізу үшін әлеуметтік-педагогикалық қызметтердің желілерін кеңейту	Облыс әкімиятына ұсыныстар беру	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, БД	2005-2007 жылдар ішінде	Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және есебінен	
11	Мінез-құлқының ауытқуы бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының желілерін кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру	Облыс әкімиятына ұсыныстар беру	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, БД, ПБ (келісім бойынша)	2005-2007 жылдар ішінде	Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және есебінен	
12	Мектеп демалыстары кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру үшін спорттық және сауықтыру лагерлерін құру шараларын қабылдау жөніндегі жұмыстар	Облыс әкімиятына есеп беру	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, БД, ПБ (келісім бойынша)		Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және есебінен	
	Қалаларда және ірі елді мекендерде көп қабатты жаңа тұрғын үйлерді жобалау кезінде		Аудандар мен Атырау			

13	олардың бірінші қабатында жасөспірімдер клубтарына арналған үй-жайларды қарастыру	Облыс әкімиятына ақпарат беру	қаласының әкімдері, СҚКД	Жыл сайын	Талап етілмейді	
14	Алкогольдік ішімдікті пайдалануды азайту, маскүнемдіктің, нашақорлықтың және қылмысты қайталаудың алдын алу әлеуметтік есірткіге қарсы иммунитетті қоғамдық санада қалыптастыру жөніндегі қызметті жандандыру және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, оның ішінде белгілі қоғам қайраткерлерін, әртістерді, ғалымдар мен басқа да мамандарды тарта отырып, нашақорлық пен алкогольизмге қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік органдар қабылдаған шаралар туралы азаматтарды ақпараттандыруды күшейту	Облыс әкімиятына ақпарат беру	МБ, ПБ (келісім бойынша), БД, ДСД, Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері	10 қаңтар, 10 шілде жыл сайын	Талап етілмейді	
15	Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқорлыққа душар болған адамдарды мәжбүрлеп емдеуге арналған жұмыс істейтін мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелерін емдеуді қажет ететін азаматтардың едәуір бөлігін еммен қамту үшін жағдай жасау арқылы өңірлердегі қажеттіліктерге қарай кеңейту шараларын қабылдау	Облыс әкімиятына ақпарат беру	ДСД, Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері	2005-2006 жылдар ішінде	Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және есебінен	ЖБ
16	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру және оңалту, белгілі бір тұрақты жері жоқ адамдарды әлеуметтік оңалту, әлеуметтік байланыстарын жоғалтқан азаматтарды еңбекке және тұрмыста орналастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру	Аудандар мен Атырау қаласы әкімдерінің шешімдері	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, ЖҚҮҒБД	Жыл сайын	Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және есебінен	
17	Бас бостандығынан айыру органдарынан босатылған адамдардың кәсіби даярлығын және оларды жаңа кәсіптерге оқытуды ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау	Аудандар мен Атырау қаласы әкімдерінің шешімдері	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, ЖҚҮҒБД	Жыл сайын	Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және есебінен	
	Жол қозғалысы ұйымдарының ескірген, стандарт.					

18	тарға сәйкес келмейтін техникалық құралдарын: а) бағдарламдарды; б) жол белгілерін кезең-кезеңмен ауыстыру; 2) жол қозғалысын автоматтандырылған басқару жүйесіне кезең-кезеңмен енгізу жөніндегі шараларды қабылдау (ЖҚАБЖ)	Аудандар мен Атырау қаласы әкімдерінің шешімдері	Аудандар мен Атырау қаласының әкімдері, ПБ (келісім бойынша)	2005-2006 жылдар ішінде	Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және есебінен	
19	Жол полициясының бөлімшелері үшін арнайы эвакуатор-автомобильдерін сатып алу үшін облыстық бюджеттен қаражат табу	Облыс әкімдігінің қаулысы	ЭБЖД, ПБ (келісім бойынша)	2005 жыл - 1 бірлік 2006 жыл - 1 бірлік 2007 жыл - 1 бірлік	2,66 2,806 2,941	ОБ
Қылмысқа қарсы іс-әрекет ету жөніндегі шаралар						
20	Ұйымдар мен жеке тұлғалардың қыздар мен әйелдерді шетелге жұмысқа орналастыру туралы жарнамалық хабарландыруларының (ақпараттардың) заңдылығына бірлесіп тексеру жүргізу	Облыс әкімдігіне (ақпарат беру	ОП (келісім бойынша), ПБ (келісім бойынша), ҰҚҚД (келісім бойынша), ЭСЖҚҚД (келісім бойынша)	Жыл сайын	Талап етілмейді	
Қылмысқа қарсы күресті ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету						
21	Атырау қаласында полицияның күш-құралдары мен Жедел басқару орталықтарының (ЖБО) құрылысын жалғастыру	Облыс әкімдігіне ақпарат беру	ПБ (келісім бойынша), Атырау қаласының әкімі, СҚҚД	5 қаңтар, 5 шілде жыл сайын	500,221	РБ
22	Қылмыстар мен оқиғалар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау, тіркеу және рұқсат беру кезінде заңдылықтың сақталуын бақылауда күшейту жөнінде қосымша шаралар алу	Облыс әкімдігіне ақпарат беру	ОП (келісім бойынша), АҚП (келісім бойынша)	Тоғансайын	Талап етілмейді	
	Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттің құқықтық саясатын насихаттау мен түсіндіруді ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдарында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің		" Атырау-ақпарат " КМК, ТРК(келісім бойынша), ОП (келісім бойынша), ПБ (келісім бойынша), ҰҚҚД (келісім бойынша),	2005-2007		

23	имиджін қалыптастыруға бағытталған телехабарлар мен публикациялар циклын құрып, іске асыру	Облыс әкімиятына ақпарат	ЭСЖКД (келісімбойынша), ДТК (келісім бойынша), ПБЖБ (келісімбойынша), аудандар мен Атырау қаласы әкімдері	жылдар ішінде	Талап етілмейді	
Республикалық бюджет				Жергілікті бюджет		
2005		2006	2007	2005	2006	2007
		500,221*		5,074	5,353	5,61
	500,221*			16,037		
516,258						

Е с к е р т п е :

*2006-2007 жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша шығыстар сомасы алдын-ала жасалған және оны Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес 2006 және 2007 жылдарға арналған бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде айқындалатын болады.

Әріп аббревиатураларының мағынасын ашу:

ІСД - Атырау облысы Ішкі саясат департаменті

ІБ - Атырау облысы Ішкі істер басқармасы

ҚД - Атырау облысы қаржы департаменті

ЭБЖД - Атырау облысы Экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті

ЖҚҰҒБД - Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті

ПИК - пәтер иелері кооперативі

БД - Атырау облысы Білім беру департаменті

СҚҚД - Атырау облысы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті

МБ - Атырау облысы мәдениет бөлімі

ДСД - Атырау облысы денсаулық сақтау департаменті

Бақ - бәқаралық ақпарат құралдары

ОП - Атырау облысы прокуратурасы

ҰҚҚД - Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменті

ЭСЖҚКД - Атырау облысы бойынша экономикалық және сыбайлас

ж е м қ о р л ы қ

қылмысқа қарсы күрес департаменті

АКП - Атырау көлік прокуратурасы

КБД - Атырау облысы бойынша кедендік бақылау департаменті

ЖІБ - Атырау станциясы желілік ішкі істер бөлімі

КМК - коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын
ТРК - Атырау облыстық телерадиокомпаниясы
РБ - республикалық бюджет
ОБ - облыстық бюджет

ЖБ - жергілікті бюджет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК